Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының руханияттық саласының барлығына да өз үлесін қосқан қайраткер. Ол – саяси қоғамдық істерге белсене араласқан, әлеумет, әдебиет, өнер, мәдениет саласында із қалдырған бірегей тұлға. Туған халқына, Отанына адал болып, өле-өлгенше халықтың мүддесі үшін күресті. Әлихан Бөкейханов төре тұқымының ұрпағы болғанымен, ешуақытта билікке ұмтылмаған. Ол еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті.

АБАЙ және ӘЛИХАН

Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Өте жақсы оқуы және ерекше тәрбиелігі арқасында ол 1890 жылы Дала генерал-губернаторы кеңесінің ұсынысы-хатымен Санкт-Петербург Императорлық орман институтына түседі. Студент кезінен бастап Әлихан Бөкейхан Ресей орталығындағы саяси жағдайлардан тыс қала алмады. Сабақтан тыс кездерде марксизм ілімінде деп қойып, қызу пікірталастарда оның экономикалық материализм қағидаларын қорғайды. Қоғамдық белсенділік танылып, әртүрлі студенттік топқұлаңра араласады. Мұның барлығы болашақ Алаш көсемінің Ресейдің мемлекеттік құрылымын, оның қазақ даласындағы отаршылдық саясатының қыр сырын тереңірек түсінуіне ықпал етті.

Оқуын ойдағыдай бітіріп, экономист мамандығын алған Әлихан Бөкейхан Омбыға келіп 14 жыл тұрады, қаланың қоғамдық өміріне қызу араласып, Омбыдағы прогрессіл, демократиалық ұстанымдағы зиялы қауыммен кездеседі. Олардың арасында саяси көзқарастары ұшін орталықтан жер аударылғандар да бар болатын. Мұның барлығы оның ғылыми-теориялық жағынан толысуына түсіп, саяси күрескер ретінде қалыптасуына айрықша ықпал етеді.

Қазақ халқының аса маңызды тарихи кезеңінде саяси сахнаға шыққан Әлихан Бөкейхан ұлтының санасын оятуға айрықша әсер етті, оның әлеуметтік-саяси өмірінде бұрын-соңды болмаған ерекше жаңалықтар болды, тағдырлы оқиғалардың бас-қасында жасады. Ол халықты ағарту ісіндегі әдебиеттің зор күшін көре білген де, Абайдың жаңашылдығына, ұлтшылдығына алғаш назар аударып, оның есімін, шығармашылығын ұлттық қозғалыстың туы ретінде ұсынған қайраткер - ғалым еді.

Ол Абай шығармаларын жаңа заманның тынысы, лебі деп түсінді, қалыптасып келе жатқан қазақтың жаңа ұлттық әдебиетінің бастамасы деп бағалады.

Орыс тілінде Абайдың өмірі мен шығармашылығын жазып тұңғыш қадамын Әлихан Бөкейхан бастады. Бірақ кеңестік заманда Әлихан Бөкейхан жазаға ұшырап, ол жазған аса бағалы еңбектердің бәрі де, тіпті оны атаудың өзіне тыйым салып – ұрпақтың ол жөнінде мүлде хабарсыз қалуына алып келді. Яғни, оның қаламынан туған бәрі де ақтаңдаққа айналып кеткен болатын. Абайтану тарихында Абайдың ақындық өнері мен ислам дініне қарым-қатынасы жайлы аса күрделі мәселеге де тұңғыш рет Әлихан Бөкейхан тарапынан білікті пікір айтылуы сол кезең ушін де мен-мағынасын сақтап отырған танымдық мәні бар пікір деп білеміз. Әлихан Бөкейханның «Абай поэтикалық қуатының иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ» деп білгірліктен бага беруі – Абайдың әдеби мұрасын терең танып білген әрделі зерттеуші аузынан ғана шығатын таным.

Ә.Бөкейхан басты назарын қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арнаған. 1903 жылы Петербургта белгілі ғалым Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің редакциясымен жарық көріп келе жатқан «Россия. Полное геогрфическое описание нашего отечества» атты көп томды еңбектің 18 томы «Киргизский край» деген атаумен қазақ тарихына арналып шықты. Міне осы кітаптың «Население» деп атаған екінші бөліміне жазуға Әлихан Бөкейхан қатысқан. Онда қазақ халқының өзіндік ерекшелігі, өткен тарихы мен танымы, мәдениеті туралы, мол ауыз әдебиеті жауһарлары, жекелеген ақындарды айта келе Абайға айрықша тоқталады. Абайды жаңа әдебиеттің көшбасшысы ретінде бағалайды.

Абай шығармаларының әсері халық арасында күшті екені, тіпті рухани жан азығына айнала бастағаны Әлихан Бөкейханның Абай әндері мен аударма өлеңдерінің халық арасында қаншалықты сіңісіп кеткенін өзі көрген мысалдармен арнайы атап көрсетуінен де аңғарамыз. Осы себепті Абайды туған халқына таныту сол арқылы ұйқыдағы езіліп тапталған туған халқының ой-санасын оятуға, жаңа заман көшіне ілесуге тырысқан бұл танымның сарыны 1918 жылғы «Абай» журналында жарияланған ұлы ақынның әдеби мұрасы туралы «Абайдың өнері мен һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» деген мақалаларында толық көрініс берген деп айта аламыз.

Әлихан Бөкейхан қазақ халқының рухани мәдениет байлығын баяндай келіп, ауыз әдебиетінің түрлерін талдайды. Халық дастандарына сипаттама беріп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына ерекше көңіл аударады. Шорқатбай, Ноғайбай сияқты және басқа ақындарды атап айта келе, Абайға ерекше тоқтап, оны қазақтың жаңа жазба әдебиетінің көшбасшысы деп бағалайды.



Бұл жөнінде Міржақып Дулатұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» атты мақаласында былай дейді: «1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде, онан кейін Семейдегі «географическое общественың» шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейхан Абайдың тәржімә хатын жазды, һәм кешікпей кітабын да басылатынын білдіріп еді. Бірақтез шықпады.

1909 жылы Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ықыластымен Абай кітабы Петербургте «Боргаанский» баспасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы».

Ұлы ақынға деген бұл сүйіспеншілігін соңы Әлихан Бөкейхан мен Абай балалары, жалпы Құнанбай қажы ұрпақтары арасындағы үлкен сыйластыққа, достыққа ұласқан.

Сөйтіп, Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы Әлихан Бөкейхан басшылығымен жарық көрген. Абай туралы ақынның өзі тірісінде (1903) жазғанын, 1905, 1907 жылы жарияланған мақалаларын кезінде оқып, біліп отырған, Абайдың ақын шәкірттері, балалары – Ақылбай, Тұрағұл, досы – Көкбай ақын Әлихан Бөкейханды ерекше қадірлеп, құрметтеген.

> *«Алаш туының астында күн сөнгенше сөнбейміз» деп ұлтының асқақ мұратын тұ еткен Әлихан Бөкейхан абайтану бастауларындағы алғашқы құнды ғылыми ізденістерді жинақтаушы, насихаттаушы.*

«Алаш туының астында күн сөнгенше сөнбеймізі» деп ұлтының асқақ мұратын тұ еткен Әлихан Бөкейхан абайтану бастауларындағы алғашқы құнды ғылыми ізденістерді жинақтаушы, насихаттаушы.

Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан - ірі ғалым, көреген саясаткер ғана емес, қылышынан қан тамып тұрған большевиктік өктем саясатқа қасқайып қарсы тұрған, кеңестік шындықұқа бетпе-бет келген бірден-бір қайсар тұлға.

Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газеті бетінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелді тиянақты публицистикалық мақалаларында қазақ оқырманына паттшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, өшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі.

Халқының бостандығы мен азаттығы, бопашағы мен бақыты жолын жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Әлихан Бөкейханның сан салалы асыл идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асуда. Кезінде «Алаштың Әлиханы» атанған ұлтымыздың ұлы перзентінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбеті, рухани асыл мұралары мәңгі жасай бермек.

Нұрсұлу САНАҚБЕКҚЫЗЫ,
Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының жетекші ғылыми қызметкері